# ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР:

1. Жер сілкінісі.
2. Су тасқыны.
3. Дауыл.
4. Қар көшкіні

# Созақ ауданында болған дауылдың салдарынан білім мекемелеріндегі көріністер





# ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР:

# ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР:

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар дегеніміз адамдардың өз қолдарымен жасалып жаткан апаттар мен қирауларды айтады.

Оның түрлері:

- Өндіріс орындарында болатын апаттар (зауыт-тарда, шахталарда және т.с.с).
- Көлік жүйесіндегі апаттар.
- Түрлі жарылыстар мен өрттер (өндіріс орын-дарында, мұнай, газ құбырларында, энергия жүйесінде, коммуналдық жүйеде және т.с.с).

## Азаматтық қорғаныстың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) Басқару: құлақтандыру және байланыс жүйелерін ұйымдастыру, дамыту және оларды ұдайы әзірлікте ұстау;
- 2) Азаматтық қорғаныс күштерін құру: дайындау және төтенше жағдайлар кезінде іс-қимыл жасауға ұдайы әзірлікте ұстау;
- 3) Қорғану құрылыстары: жеке қорғану құралдарының және Азаматтық қорғаныстың басқа да мүлкінің қорларын жинау және әзірлікте ұстау;
- 4) Халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау: орталық және жергілікті атқарушы органдарға адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қатер және орын алып отырған жағдайда іс-қимыл жасау тәртібі туралы хабарлау;
- 5) Іздеу-құтқару жұмыстары: шұғыл жұмыстарды жүргізу, зардап шеккен халықтың тіршілігін және оларды қауіпті аймақтардан эвакуациялауды ұйымдастыру;
- 6) Азық-түлік, су көздерін індеттерден қорғау: тамақ шикізаттарын, жемшөпті, мал және өсімдіктерді радиоактивтік, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) уланудан, мал және өсімдік індеттерінен қорғану

# Азаматтық қорғанысты ұйымдастырудың принциптері мен тәртібі:

- *Азаматтық қорғаныс республиканың бүкіл аумағында аумақтық-өндірістік принцип бойынша ұйымдастырылады.*
- Азаматтық қорғаныс бойынша дайындық осы заманғы зақымдау құралдарының дамуы және аталған аумақта, салада немесе ұйымда барынша ықтимал төтенше жағдайлар ескеріле отырып, алдын ала жүргізіледі.
- Азаматтық қорғаныс шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқарушы органдарының және ұйымдардың басшылары жауапты болады.

# АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
(аумақтық-өндірістік принципі бойынша ұйымдастырылады)

**ҚР П Р Е М Ь Е Р – М И Н И С Т Р І**

**Қазақстан Республикасында АҚ жалпы басшылықты жүзеге асырады**

**ҚР Төтенше жағдайлар министрі – ҚР АҚ штаб бастығы**

**аумақтық органдары - облыстардың төтенше жағдайлар департаменті**

**АҚ аудандық бөлімдері**

**Азаматтық қорғанысының азаматтық ұйымдары**

**ҚР аумағында АҚ ұйымдастыру және жүргізу – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі және қорғаныс іс-шараларының құрамдас бөлігі болып табылады**

# Білім беру мекемелеріндегі Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру кестесі

Азаматтық қорғаныстың штаб бастығы ← Азаматтық қорғаныстың бастығы → Эвакуациялық комиссия

<table>
<tr><th>Барлау тобы. Радиациялық және химиялық бақылау посты</th><th colspan="2">Құтқару тобы.</th><th>Санитарлық дружиналар мен постылар</th></tr>
<tr><td>Қоғамдық тәртіпті сақтау тобы</td><td>Байланыс тобы</td><td>Апатты – техникалық тобы</td><td>Паналар мен тасаларға күтім жасау тобы</td></tr>
</table>

# *Ой қорыту (Білдім)*

# IV. Жаңа сабақты бекіту

# *Венн диаграммасы*

# *Кім тапқыр?*

# БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ

- Азаматтық қорғаныс дегеніміз не?
- Нысандарда АҚ қалай ұйымдастырылады?
- АҚ ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттері.
- Нысандарда қандай құрылымдар құрылады және олардың атқаратын міндеттері қандай?
- Жаппай қырып жою каруларын ата.
- Табиғи және техногенді төтенше жағдайлар дегеніміз не?

# V. Қорытынды

# Мектеп оқушысы мыналарды білуге тиісті

- Төтенше жағдай болу қатері кезінде дұрыс қимылдау
- Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалану
- Тыныс органдарын қорғайтын қарапайым құралдар жасау
- Тамақ өнімдері мен ауызсуды зақымданудан сақтау
- Азаматтық қорғаныс іс –шараларын тез және сенімді орындау
- Зақымданғандар мен жараланғандарға алғашқы көмек көрсету

# VI. Үйге тапсырма

## §1 Шаруашылық нысандарының азаматтық қорғанысы

# VII. Бағалау

# Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!